



ШЕШІМ

18.12.2019

Нұр-Сұлтан қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 472/59-VI

город Нур-Султан

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің  
елорданың әлеуметтік-экономикалық  
дамуы жөніндегі есебі туралы**

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А.С. Көлгіновтің есебін тыңдал және талқылай келе, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты атқарушы органдардың экономика өсімінің серпінің сақтауға, әлеуметтік саланы дамытуға және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған міндеттерді іске асыру жөніндегі жүйелі және жоспарлы жұмысын атап өтеді.

2019 жылдан бастап елорданы дамытудың барлық бағыттары бойынша оң серпін байқалады. Мәселен, ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша жалпы өнірлік өнім 4,2% - га өсіп, 2,7 трлн.тәңгені құрады (2018 жыл – 2,5 трлн. тенге), жан басына шаққанда - 2,5 млн. тенге (республика бойынша орташа көрсеткіштен 1,6 есе артық – 1 512,5 мың тенге).

Өнеркәсіп өндірісі көлемінің 11,7% - га, оның ішінде өндіріс өнеркәсібінде 10,7% - га өсуі қамтамасыз етілді.

Сауда саласындағы оң үрдіс жалғасуда, бұл оның көлемінің 4,6% - га, 1 063,5 млрд.тәңгеге дейін ұлғаюына себепші болды.

Бизнесті жүргізу үшін қаланың тартымдылығы артып келеді. Осы кезеңде жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес (бұдан әрі-ШОБ) субъектілерінің саны 11,7% - га 133 мыңға дейін өсті, ал олар өндірген өнім көлемі 3,3% - га артып, 2,4 трлн.тәңгені құрады (2018 жылдың I жарты жылдығы-2,2 трлн. тенге).

ШОБ қызметінің нәтижесінде бюджетке түсетін салық түсімдерінің көлемі 468,8 млрд.тәңгені құрады, бұл жалпы салықтық түсімдер мен төлемдердің 48% - ын құрайды.

Экономиканың нақты секторында 21,4 мыңдан астам жаңа тұрақты жұмыс орны құрылды, оның ішінде ШОБ саласында 20,1 мың жұмыс орны (үлесі – 94%).

Халықтың ақшалай табыстары номиналды мәнде 14,8% – га, нақты мәнде 8,2% - га өсті.

Жыл басынан бері 1 млн. 433 мың шаршы метрге жуық тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл респубикалық көлемнің 13% - ын құрайды. 2 460

0002324

пәтерлік жалпы ауданы 219,4 мың м<sup>2</sup> 14 көпшетерлі тұрғын үй кешенінің құрылышы жалғастырылды, оның ішінде жыл соңына дейін 428 пәтерлік жалпы ауданы 38,4 мың м<sup>2</sup> кредиттік тұрғын үй пайдалануға беріледі.

Көлік жүйесін жаңғырту, көлік айрықтары мен көпірлерді, жолдарды жобалау және салу, қалалық қоғамдық көліктің жылжымалы құрамын жаңарту бойынша іс-шаралар жүзеге асырылуда.

Ағымдағы жылды ұзындығы 51,5 километр 69 көше салынды және жөнделді, оның ішінде ұзындығы 24,3 км. тұрғын үй алабында 39 көше, 16 көшеде 15,9 жол жабындысына орташа жөндеу жүргізілді. Қазіргі уақытта қалада 481 бағдаршам нысаны жұмыс істейді, оның ішінде 109 нысан зияткерлік көлік жүйесіне қосылған.

Қалада 1 307 аялдама пункттері бар, оның ішінде 583 бірлік желден қорғайтын павильондармен, 314 бірлік - антивандалды павильондармен және 105 бірлік - жабық ұлгідегі аялдама павильондарымен жабдықталған.

Елордада Халықты әлеуметтік қорғау аясында әлеуметтік бағдарламалар табысты іске асырылуда, жұмыссызды қысқарту және жұмыссыздарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу, бос жұмыс орындары бойынша деректер базасын қалыптастыру және тұрақты жаңарту, консультациялық және құқықтық көмек көрсету бойынша пәрменді шаралар қабылдануда. Елорда жұмыссыздықтың ең төмен деңгейі (4,4%) бар көшбасшы орынға ие, бұл көрсеткіш республикалықтан 0,4% - га төмен.

Елордалық білім беру жүйесін жетілдіру және дамыту, ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын арттыру, оқытудың жаңа технологияларын енгізуге жағдай жасау бойынша шаралар қабылдануда. Кешенді жоспар шеңберінде 5 жылдық кезеңге шамамен 60 мың орындық 47 мектеп салу жоспарланған. Қазіргі уақытта жеке инвесторларды тарта отырыш, инвестициялық келісімшарттар шеңберінде 22 мың окушы және 3,5 мың мектепке дейінгі орын күрүмен білім беру саласында 22 жобаны іске асыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. 22 мың мектеп және 3,5 мың мектепке дейінгі орынға арналған 22 мектеп құрылышы бойынша инвесторлар анықталды, инвестициялардың жалпы көлемі 70 млрд.тенгені құрайды.

Қала тұрғындарының денсаулығын нығайтуға және қаланың бәсекеге қабілетті денсаулық сақтау жүйесін қалыптастыруға тиісті көңіл белінеді. Қолданыстағы емханалар мен ауруханалардың жүктелу проблемаларын шешу және медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін жағдай жасау бойынша іс-шаралар іске асырылуда. Алғашқы медициналық-санитарлық көмекті дамыту Тұжырымдамасы бекітілді. Ағымдағы жылды жалпы тәжірибе дәрігерлерінің 40 участкесі ашылды. Қала тұрғындары үшін тұрғын үй кешендерінің бірінші қабаттарында "Үйдегі дәрігер" отбасылық - дәрігерлік амбулаториясы ашылды. МЖӘ дамыту шеңберінде 8 амбулатория ашылды. "Лесозавод" тұрғын алабы "Достық" ОСО, Ұлы Дағы көшесінде "Сарайшық" ОСО, Көктал ауданын "Сан -Тоты" ОСО З дәрігерлік амбулатория ашылу үстінде.

Дене шынықтыру және спорт одан әрі дамиды. Бұқаралық спортты танымал ету үшін қала тұрғындары арасында орамішлік аумақтардың спорт аландарында және қаланың спорт кешендерінде спорттық-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің, клубтардың және спорттық-бұқаралық және сауықтыру қызметінің басқа да орталықтарының желісін кеңейту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының сессиясы елорданың әлеуметтік-экономикалық дамуының оң динамикасына қарамастан, қаланы дамытуудың басым бағыттарын тұрақтандыру және іске асыру бойынша қабылданыш жатқан шаралар, кейбір проблемалық мәселелер бар екенін атап өтті. Қаланың тұрғын үй алаптарында инженерлік желілерді салу және абаттандыру мәселелері жүйелі шешуді талап етеді, ейткені қазіргі уақытта қала халқының төрттен бірі елордаға қосылған 16 елді мекенде тұрады. Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның тозуы, энергетикалық қуаттардың тапшылығы, тұрақ орындарының жетіспеуі өзекті мәселе болып қалуда.

Қаланың жекелеген жергілікті участекелерін су басу проблемасы және бұрын салынған кейбір коллекторлардың өткізу қабілетінің жеткіліксіздігі бар. Мектепке дейінгі мекемелердің тапшылығы сақталуда. Автобус жүргізушилерінің жол қозғалысы ережелерін бұзыуна (қозғалыс жылдамдығын арттыру, қауіпті маневрлер жасау) байланысты жол-көлік оқиғалары жиілеп кетті. Қаланың орам ішілік участекелерінде көшелерді қардан және мұздан тазарту бойынша коммуналдық қызметтердің қанағаттанғысыз жұмысина көптеген шағымдар келіп тұсуде.

#### **Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің "Елорданың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы" есебі назарға алынсын.

#### **2. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігіне ұсынылсын:**

бөлінген бюджет қаражатының уақтылы игерілуіне бақылауды күшету, жаңа кәсіпорындар ашу, инвестициялар тарту және индустримальық-инновациялық жобаларды енгізу есебінен бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайтуға бағытталған іс-шараларды іске асыру жөнінде шаралар қабылдау;

"шеткері аймақтарсыз қала" қағидаты бойынша жұмысты жүйелі негізде жалғастыру, елорданың тұрғын үй алаптарында өмір сүру сапасын жақсарту үшін қажетті шаралар қабылдау;

елорда тұрғындарының тыныс-тіршілігі үшін қолайлы жағдай жасау шеңберінде орамішлік және аула аумақтарын тазарту, оларды абаттандыру және көгалдандыру жөніндегі жұмысты күшету;

қала тұрғындарының жаңа буыны үшін әлеуметтік лифтілер құру мүмкіндігін көздей отырып, жастар саясаты саласында жоспарлы жұмысты жалғастыру;

тұрғын үй құрылышы қарқынын, инженерлік және көліктік инфрақұрылым объектілерін, қаланы абаттандыру және тұрғын

Үй-коммуналдық шаруашылығының тұрақты жұмыс істеуін сақтау жөніндегі жұмысты жандандыру;

білім беру, денсаулық сақтау жүйесі объектілерінің желісін кеңейту үшін жеке әріптестерді белсенді тарту жөніндегі жұмысты жалғастыру;

жолдардағы және қаланың бас магистральдарындағы кептеліс проблемасын шешу мақсатында елорданың зияткерлік көлік жүйесінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қабылдау;

жол қозғалысы қауіпсіздігі, жол-көлік оқиғаларының санын азайту мәселелерін ерекше бақылауға алу, елорданың бас көшелерінде көлік ағынын реттеу жөнінде шаралар қабылдау.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты  
сессиясының төрағасы**

A. Табулдина

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты  
хатшысының м.а.**

M. Шайдаров